

Педагогика тарихы оқу пәні студенттерді кәсіби дайындауда үлкен рөл атқарады. Р.М.Қоянбаевтың педагогикалық сөздігінде «Педагогика тарихы - теория мен тәжірибенің жағдайын және дамуын, адамзат қоғамының түрлі кезеңдерде дамуындағы жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды зерттейді» [3, 114] деп анықтама беріледі. Демек, бұл курсты меңгеру арқылы студенттердің педагогикалық ой-өрісі кеңейеді, педагогикалық тұрғыдан ойлануға дағдыланады және педагогикалық шеберліктері қалыптасады. Сондай-ақ педагогика теориясының даму үрдісінің заңдылықтарын танып білуге және қойылған міндеттерді шешуге жетелейді.

1. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы.- Алматы, 1984.
2. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. - Алматы, 2000.
3. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. - Алматы, 2006.
4. Қоянбаев Р., Ыбыраимжанов Қ. «Педагогикалық сөздік». - Түркістан, 2006.
5. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. - Алматы, 2008.

Резюме

В данной статье рассматривается важность изучения истории школы и педагогической мысли в подготовке будущих педагогов.

Summary

The article is examined the possibility of learning the history of school and pedagogical views of preparing future teachers.

М.ДУЛАТУЛЫНЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Ғ.Т. Абилбакиева -

Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасының оқытушысы Абай атындағы ҚазҰПУ

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында, «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» атты қаулыларында кезінде асыра сілтеу мен зұлматтың зардабына ұшыраған қазақ зиялы қауымының мұрасын қалпына келтіріп, оны бүгінгі қазақ халқының жасап жатқан тарих тағылымдарымен сабақтастыра отырып жалғастыру көзделген.

XX ғасырдың басындағы қазақтың ағартушылық, демократтық бағыттағы оқыған азаматтарының бірі – қайраткері Міржақып Дулатов еді. Аумалы-төкпелі заманда елдің болашағы үшін атқарған күреске толы қызметімен де, шығармашылық мұрасымен де ол халқына аяулы, еліне құрметті.

М. Дулатов - сан қырлы тұлға, атап айтқанда ол - ғалым, ұстаз, математик, қоғам қайраткері, ақын, жазушы. Сонымен қатар ол тәрбие жөніндегі мәселелерге аса мән берген. Оның «Оян, қазақ!» 1909 жылы, «Терме» (жинақ) 1919 жылы, «Азамат» (өлеңдер жинағы) 1913 жылы еңбектері жарық көрді. Осы еңбектерінде тәрбиеге қатысты мәселерді қозғады.

Тәрбие дегеніміз не? Энциклопедияда берілген классикалық анықтамасы былайша жазылған: «тәрбиелеу – тәрбиеленушіге нақты бір дүниетанымды, адамгершілікті қалыптастыру, нақты мінез-құлық қырларын, әдеттерді және талғамдарды өңдеу, нақты тән қасиеттерін, ақыл-ой қабілеттерін және т.б. дамыту мақсатымен мақсаткерлік және жүйелік ықпал ету». Сондай-ақ: «... тәрбиелеу оқытумен тығыз байланысты; тәрбиенің көптеген міндеттері оқыту үрдісінде қол жеткізіледі». Анықтамадан көрініп тұрғандай, тәрбиелеу оқытумен көп байланысты, алайда біртұтас емес.

Тәрбие түсінігіне педагогикалық психология сәл өзгеше анықтама береді. Өзінің пәнінен шыға отырып, «тәрбиелеу психологиясы тәрбиелеуші және оқытушы әсерінің ықпалымен пайда болатын жеке тұлғаның мінез-құлық қырлары, әдеттері, сұраныстары, тәртіп тәсілдері, жаңа сезімдері мен қатынастары секілді жаңа қасиеттердің туындау тетіктерін зерттейді». Педагогикалық психология кейбір ықпалдар бір нәтижелерге, ал өзгелері басқаларға нәтижелерден әлдеқайда көп әкелетіндігін немесе бір ықпалдың әр түрлі адамдарға әр қалай ықпалы және тіпті бір адамға әр түрлі жағдайларда ықпал етуін айқындайды.

Жалпы мағынада психологиядағы тәрбиелеу ұғымы жаңа буынға қоғамдық-тарихи тәжірибені беру бойынша іс-қызметті; адамның дамуына қажетті жағдаймен, қоғамдық өмірге және өндірістік еңбекке дайындығын қамтамасыз ететін нақты түсініктерді, ұстанымдарды, құндылық бағдарларын қалыптастыру мақсатымен оның сана-сезіміне жоспарлы және мақсатты ықпал етуді түсіндіреді. Осы тұрғыда тәрбиелеу педагогикалық үрдістің сәбидің рухани-адамгершілік дамуына, ал оқушы табиғатының әлеуметтік өмір талаптарына бейімделуге үйренуі дегенді білдіреді. Баланың өзін-өзі дамытуы жүзеге асуы үшін тәртіптің адамгершілік, құндылық қырларын ынталандыратын нәзік те дұрыс технологияларын табу керек.

Педагогика бойынша қазіргі заманғы еңбектерде қоғамдық тәжірибенің нәтижесі болып табылады. Солардың негізгілеріне тоқталсақ.

Өзі жеке тұлға болып табылмаған адам өзге тұлғаны тәрбиелеуге қауқарлы емес. Мектептегі әрбір мұғалім өзінің жеке тұлғалығымен, этнопсихологиялық мәдениетімен, аса күрделі оқушының өзін түсіне білу, қабылдай білу және қолдай білу қабілетімен балалар мен жасөспірімдерге ықпал етуші күшті фактор бола алады. Өзінің пәні арқылы мұғалім мәдениет негіздерін – зияткерлік, техникалық, көркем, философиялық және адами қасиеттерді береді.

Мектепте қолайлы тәрбиелеу-білім беру ортасын құру технологиясы ізгілік ұстанымдарын сақтауға негізделеді. Олардың жүзеге асуы бәрінен бұрын баланың жеке тұлғасына, оның жеке бастылығына, яғни оның қайталанбастығына сыйластық секілді педагогикалық постулаттарға басымдық берумен байланысты.

Мектеп өмірінің атмосферасына мұғалімдер арасында басымдыққа ие және тәрбиелеу практикасында жүзеге асырылатын тәрбиелеу стилі ықпал жасайды. Тәрбиелеу стилін төртке бөлу қарастырылған: авторитарлық, оның жарқын өкілі ретінде А. Дистервергті (Германия) атайды, идеологы Ж.Ж. Руссо, ал революцияға дейінгі Ресейде – К.Н. Венцель, Л.Н. Толстой болған еркін тәрбиелеу, сонымен қатар практикалық дағдыларды игеруге бағытталған прагматикалық тәрбиелеу, оның негізін қалаушы Дж. Дьюи (АҚШ) болып табылады және антропологиялық стиль, оны К.Д. Ушинский есімімен байланыстырады.

«Тәрбие негізі ретіндегі адам немесе педагогикалық антропология» атты өзінің еңбегінде белгілі орыс педагогы К.Д. Ушинский ізгілікке тәрбиелеудің мәнін былайша береді: адамды тәрбиелеу үшін, оны барлық қырынан білу керек, ал білу үшін барлық қырынан игеру керек. К.Д. Ушинский жеке тұлғалық-бағдарлық педагогиканың негізін қалады, осыған сәйкес бала мектеп немесе оқу мекемесі үшін емес, оқу мекемесі тәрбиеленуші үшін өмір сүреді. Тиісінше, оқу-тәрбиелеу үрдісінің мазмұны, оның режимі баланың жасы мен көзқарастарының сұраныстарына және мүмкіндіктеріне бағынышты болуы тиіс. М. Дулатовқа балалардың жас шамасының және жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып құрылатын тәрбиелеу стилі көп жақын.

Педагогтың ықпалы балаларда өзге адамдармен позитивті өзара қарым-қатынастардың пайда болуына, табиғат пен өнердің сұлулығын түсінуге, техниканы қолдана білуге, өзге адамдардың ниеттерін естуге және тыңдауға сеп болған кездерде білінеді. Қоршаған ортамен қарым-қатынас тәжірибесін жинай отырып, бала жеке тұлға ретінде – рухани, адамгершілік, зияткерлік тұрғыдан дамиды.

Қазақстан педагогикасының тарихында өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жоғарыда аталған бағыттарына байланысты мәселелерімен Ә. Бөкейханов, Ж. Аймауытов, Ш. Әлжанов және т.б. айналысты. Бұл мәселе М. Дулатовты да толғандырды. Ғалым-педагог М. Дулатовтың әдеби туындыларының мазмұнына, соның ішінде оның 1991 жылы жарияланған шығармалар жинағына кірген әңгімелеріне назар аудару маңызды және қажет. Олар «Күз», «Қыс», «Қасқыр қысты қалай өткізеді», «Қонақ кәде», «Оқымысты бала», «Ешкімге жауыздық қылма» секілді әңгімелер. Өзінің тақырыбы, мазмұны және идеялық бағыты бойынша олар еңбек, адамгершілік, экологиялық тәрбиенің міндеттерін көрсетеді, еңбек тәрбиесі мен политехникалық білім байланыстарының сипатын анықтайды. Онда, әрине, педагогиканың қазіргі заманғы түсіндірме анықтамалықтары қолданылмайды, алайда білімді, еңбексүйгіш және шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік беретін негізгі бағыттар барынша анық ұсынылған.

М. Дулатовтың жеке тұлғаның сана-сезімі мен мінез-құлқын, оның еңбексүйгіштігін қалыптастырумен айналысатын іс-қызмет түрі де, қоршаған орта да, ықпал етеді деген идеясы педагогика тарихында ерекше назарға ілікті. Оның пікірінше, осы түсініктер арасындағы байланыстырушы түйін, сана-сезімді, мінез-құлқты, іс-әрекеттерді қалыптастырудың басты себебі,

жеке тұлғаның тәртібінің негізгі желісі білім болып табылады. Сонымен қатар еңбексіз жетістікке жету мүмкін емес, сондықтан да педагог кәсіптің сана-сезімді қалыптастырудағы ықпалын айқын көрсете отырып, еңбек тәрбиесі мен политехникалық білімнің арасындағы байланысты ерекше түсіндіреді.

«Тұрмыс, салт-сана, оқу» ғылыми мақаласында М. Дулатов былай деп жазады: «Сананы тәрбиелейтін – қолданған кәсіп пен оқу. Бұрынғы оқу кәсіпсіз құрғақ оқу болғандықтан сананы кәсіптей тәрбиелей алмаған. Жаңа оқу бұрынғыдай құрғақ оқу емес, кәсіпке, бейнетке баулып үйрететін оқу. Сондықтан жаңа оқудың салт-санаға тигізетін әсері тұрмыстың, кәсіптің әсерінен артық болмаса, кем болмасқа тиіс».

Айтылған сөздің мазмұнына қарап ғалым-педагогтың психология бойынша білімдерге ие болғандығын және оларды жұмысында белсенді пайдаланғандығын аңғаруға болады. Практикалық еңбек дағдыларын қалыптастыру педагогқа оқушылардың іс-қызметін басқаруды рационалды құруға мүмкіндік беретін психология теориясын меңгеруге сүйенетіндігі баршаға мәлім. Сондықтан нақты іс-әрекеттер негізінде жатқан психикалық үрдістердің (сезіну, қабылдау, жад, қиял, назар аудару) сипатына көңіл бөлу аса маңызды. Сондай-ақ психикалық ахуал (көңіл-күй, еңбекке қабілеттілік, берілгендік), жеке тұлғаның қасиеті (қызу қандылық, мінез-құлдық, құбылысқа қызығушылық) секілді психикалық құбылыстардың сипатын меңгерудің де маңыздылығы жоғары. Бұған қоса, оқушылардың жас шама психологиясын да, олардың жеке ерекшеліктерін білу де аса қажет нәрсе.

Оқушылардың еңбек іс-қызметі үлкен тәрбие әсеріне ие болуы үшін, бірқатар талаптарды орындау қажеттігін есте ұстаған жөн: оқушылар еңбегі ғылымдар негізімен байланысты болуы керек, оларда бар білімге сүйене отырып ұйымдастырылуы қажет. Оқушылар өздерінің еңбектеріне ересектер тарапынан сыйластық қатынасты сезінуі, өз еңбектерінің ақырғы нәтижелерін көрулері тиіс; еңбек физикалық та, ақыл-ой тұрғысынан да атқарыла алатындай болуы керек. Жалпы еңбектік қабілеттерді жасау үшін психологиялық алғышарттар қажет, олардың қатарына мыналар кіреді:

- еңбек іс-әрекеттеріне саналы, оң көзқарас;
- еңбек үрдісінің алға жылжуы үшін қолайлы жағдайлардың болуы;
- алынған дағдылар мен қабілеттерді жаңа жағдайларға ауыстыру мүмкіндігі;
- іс-әрекет тәсілдерін біртіндеп қиындату;
- танымдық еңбек іс-қызметінің белсенді сипаты.

Балалардың еңбек біліміне аса қызығушылық танытуы орта білімнің құрылуының барлық кезеңдері үшін тән нәрсе, соның ішінде ол заманауи аспектіде толығымен түсінікті: нарықтық экономика өзінің қатал талаптарымен және әлеуметтік мәселелерімен тек сапалы білімді ғана емес, сондай-ақ өзінің күш-қуаты мен қабілеттерінде қолдануға мүмкіндік беретін практикалық ептіліктердің болуын талап етеді. Бұдан басқа, жан-жақты дамыған жеке тұлға идеалы білімнің еңбек іс-әрекеттерінің дағдыларымен үйлесім табуын қалайды. М. Дулатовтың мұраларында еңбек тәрбиесінің мән-мағынасы да, оны мектептік оқыту үрдісінде қалыптастырудың жолдары да аса дәлдікпен берілген.

Осы тұрғыда М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы назар аудартады. Автордың көзі тірісінде бұл роман көпшіліктің көңілін аудартты және үнемі талқылауға түсті; ондағы айтылған ойлар мен түйіндер, соның ішінде еңбек үрдістерінің баяны, кейіпкерлердің өздерінің міндеттеріне көзқарастары талқыға түсті. Қазіргі уақытта туынды әдебиеттің жарқын парағы ретінде де, педагогикалық ғылым феномені ретінде де маңызын жойған жоқ. Отандық және әлемдік мәдениеттің күрделі құбылысы ретінде Қазақстан әдебиетшілеріне жақсы таныс М. Дулатовтың романы ғалым-педагогтың шығармашылық өмірбаянының ірі жетістігі болып табылады. Автор қазақ көркем әдебиетінде сом жанр – алғашқы романды жасаушы бола отырып, белгілі бір заманға тән әлеуметтік қатынастарды ескеру негізінде адамгершілік, еңбек, эстетикалық тәрбиелеудің мақсаты мен жолдарын анықтауға тырысады.

Жоғарыда айтылған ізгілікті тәрбиенің технологиялық ұстанымдары қайда бағытталады? Технологиялық ұстанымдарды қолдану басты мақсатқа – баланың жан-жақты дамуы үшін оңтайлы рационалды жағдайлар туғызу, оның жеке бастылығын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын айқындауға бағынышты болғандықтан, жеке тұлғалық өсу тәрбие іс-қызметі сапасының негізгі өлшемі болып табылады.

Тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясаттың көзқарасы «Білім беру туралы» Заңында қалыптастырылған ізгілік ұстанымдары, тәрбиелеудің нақты мақсаттары мен міндеттерін айқындау, жеке тұлғаның өзі-өзі анықтауын қамтамасыз ету, оның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау

мақсатында тәрбие үрдісін үлгілеу болды. Бірінші санаттағы міндетке тәрбиенің әлеуметтік статусын арттыру, білім мекемелерінің тәрбиелік функцияларын нығайту мен дамыту кіреді.

Тәрбиелеу мәдениет контекстінде мәдениеттің қозғаушы күштері – ғылымға, өнерге, моралға, тұлғаларға, материалдық заттарға апелляция ретінде қарастырылады. Тәрбиелеу білім жүйесінде жүзеге асатын, оқушылардың руханилығын жалпы адами және отандық құндылықтар негізінде дамыту үшін жағдай жасауға, оларға өмірді өздігінен басқаруда, адамгершілік, азаматтық және кәсіби жетілуіне көмек көрсетуге; жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасауға бағытталған мақсатты іс-қызмет ретінде қарастырылады.

М.Дулатовтың білім беру, оқыту, тәрбиелеу мәселелеріне арналған еңбектерін жан-жақты зерделегенде ұлттық білім беру саласындағы қиындықтар, қарама-қайшылықтар және одан шығудың жолдары жан-жақты қарастырылған. Білім беру саласы бойынша М.Дулатов ұлттық математика ғылымының негізін қалады. М.Дулатов ұсынған идеялар бүгінгі әлемде болып жатқан жаһандандыру саясаты кезінде де көкейкестілігін жойған жоқ, ұлттық мектептің негізін қалаудағы идеялары, оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдары тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

"Оян, қазақ!" кітабы тек қазақ халқының ғана рухын көтеріп қойған жоқ, оны шетел ғалымдары да өздеріне рухани азық етті. Ал қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы жастардың азаматтық, патриоттық рухын қалыптастыруда шешуші қызмет атқарады;

М.Дулатов 1920-1928 жылдар аралығында ұлттық білім беру ісі мен ұлт мәдениетін дамытуға іргелі үлес қосты.

М.Дулатов ұлттық мұралардың атадан балаға жалғасын тапқан нақыл сөздерін тәрбие құралы ретінде ұсынады. М.Дулатовтың ұрпақтан - ұрпаққа жалғасын тапқан мәдени мұралары халықтың рухын көтеруге және жастардың бойында эстетикалық құндылықтар қалыптастыруға игі ықпал етеді;

М.Дулатов еңбектерін, мақалаларын, өлеңдерін ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерделеу барысында байқалған оның педагогикалық өзіндік ерекшеліктері:

а) ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ұлттық мұраларды жинақтап, ұрпақ тәрбиесіне құрал ретінде пайдалануы;

б) тұңғыш ұлттық мазмұндағы оқу, оқу құралдарын жазуы, оны пайдаланудың әдіс-тәсілдерін белгілеуі.

М.Дулатов ұлттық кәсіптік білім беру ісіне де белсене араласқан. Әр түрлі негізде кәсіптік білім беретін гимназиялар, мұғалімдер училищесінің пайдалы жақтарына тоқтала отырып, олардың дамуына мүмкіндік жасайды.

М.Дулатов қазақ халқының өркениетті елдер қатарына қосылатынының негізгі көзі білімде екеніне тоқталады. "Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз- оқу" деп атап көрсеткендей М.Дулатов бүкіл халқының біліммен шамшырағы болып табылады;

М. Дулатов еңбектеріндегі негізгі мәселелердің бірі — тәлім-тәрбие беру мәселелері. Ғалым-педагогтың ұлттық мұраларының тәрбиелік мүмкіндіктеріне ғылыми зерттеулер жүргізіліп, жүйеленіп, мазмұнына қарай рухани-адамгершілік, азаматтық, эстетикалық, экологиялық, дене, еңбек бағыттары бойынша жіктелініп, жан-жақты ұлттық мұралары жинақталып, нәтижесінде бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне пайдалануда негізгі көзделген мақсат — өзі өмір сүріп отырған қоғамға лайықты, білімді, жан-жақты дамыған, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыруға болатындығы анықталынды. М.Дулатов жас ұрпақты тәрбиелеуде ана тәрбиесіне аса мән береді. Ана құрсағынан бастап, ана сүтімен дарыған тәрбие ұлттық тәрбиенің негізі деп қарады.

1. Дулатұлы М. Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. Бес томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Мектеп, 2003. - Т. 4, - 344 б.

2. Қалиев С.Қ., Майгаранова Ш.М., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А.А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. - Алматы: Білім, 2001. - 223 б.

3. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. - 464 б.

4. Ильясова А.Н. Становление и развитие педагогической теории Казахстана (1900-1960). – Алматы, 1997. -283с.

Резюме

мақсатында тәрбие үрдісін үлгілеу болды. Бірінші санаттағы міндетке тәрбиенің әлеуметтік статусын арттыру, білім мекемелерінің тәрбиелік функцияларын нығайту мен дамыту кіреді.

Тәрбиелеу мәдениет контекстінде мәдениеттің қозғаушы күштері – ғылымға, өнерге, моралға, тұлғаларға, материалдық заттарға апелляция ретінде қарастырылады. Тәрбиелеу білім жүйесінде жүзеге асатын, оқушылардың руханилығын жалпы адами және отандық құндылықтар негізінде дамыту үшін жағдай жасауға, оларға өмірді өздігінен басқаруда, адамгершілік, азаматтық және кәсіби жетілуіне көмек көрсетуге; жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасауға бағытталған мақсатты іс-қызмет ретінде қарастырылады.

М.Дулатовтың білім беру, оқыту, тәрбиелеу мәселелеріне арналған еңбектерін жан-жақты зерделегенде ұлттық білім беру саласындағы қиындықтар, қарама-қайшылықтар және одан шығудың жолдары жан-жақты қарастырылған. Білім беру саласы бойынша М.Дулатов ұлттық математика ғылымының негізін қалады. М.Дулатов ұсынған идеялар бүгінгі әлемде болып жатқан жаһандандыру саясаты кезінде де көкейкестілігін жойған жоқ, ұлттық мектептің негізін қалаудағы идеялары, оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдары тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

"Оян, қазақ!" кітабы тек қазақ халқының ғана рухын көтеріп қойған жоқ, оны шетел ғалымдары да өздеріне рухани азық етті. Ал қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы жастардың азаматтық, патриоттық рухын қалыптастыруда шешуші қызмет атқарады;

М.Дулатов 1920-1928 жылдар аралығында ұлттық білім беру ісі мен ұлт мәдениетін дамытуға іргелі үлес қосты.

М.Дулатов ұлттық мұралардың атадан балаға жалғасын тапқан нақыл сөздерін тәрбие құралы ретінде ұсынады. М.Дулатовтың ұрпақтан - ұрпаққа жалғасын тапқан мәдени мұралары халықтың рухын көтеруге және жастардың бойында эстетикалық құндылықтар қалыптастыруға игі ықпал етеді;

М.Дулатов еңбектерін, мақалаларын, өлеңдерін ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерделеу барысында байқалған оның педагогикалық өзіндік ерекшеліктері:

а) ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ұлттық мұраларды жинақтап, ұрпақ тәрбиесіне құрал ретінде пайдалануы;

б) тұңғыш ұлттық мазмұндағы оқу, оқу құралдарын жазуы, оны пайдаланудың әдіс-тәсілдерін белгілеуі.

М.Дулатов ұлттық кәсіптік білім беру ісіне де белсене араласқан. Әр түрлі негізде кәсіптік білім беретін гимназиялар, мұғалімдер училищесінің пайдалы жақтарына тоқтала отырып, олардың дамуына мүмкіндік жасайды.

М.Дулатов қазақ халқының өркениетті елдер қатарына қосылатынының негізгі көзі білімде екеніне тоқталады. "Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз- оқу" деп атап көрсеткендей М.Дулатов бүкіл халқының біліммен шамшырағы болып табылады;

М. Дулатов еңбектеріндегі негізгі мәселелердің бірі — тәлім-тәрбие беру мәселелері. Ғалым-педагогтың ұлттық мұраларының тәрбиелік мүмкіндіктеріне ғылыми зерттеулер жүргізіліп, жүйеленіп, мазмұнына қарай рухани-адамгершілік, азаматтық, эстетикалық, экологиялық, дене, еңбек бағыттары бойынша жіктелініп, жан-жақты ұлттық мұралары жинақталып, нәтижесінде бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне пайдалануда негізгі көзделген мақсат — өзі өмір сүріп отырған қоғамға лайықты, білімді, жан-жақты дамыған, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыруға болатындығы анықталынды. М.Дулатов жас ұрпақты тәрбиелеуде ана тәрбиесіне аса мән береді. Ана құрсағынан бастап, ана сүтімен дарыған тәрбие ұлттық тәрбиенің негізі деп қарады.

1. Дулатұлы М. Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. Бес томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Мектеп, 2003. - Т. 4, - 344 б.

2. Қалиев С.Қ., Майгаранова Ш.М., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А.А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. - Алматы: Білім, 2001. - 223 б.

3. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. - 464 б.

4. Ильясова А.Н. Становление и развитие педагогической теории Казахстана (1900-1960). – Алматы, 1997. -283с.

Резюме

В данной статье автор анализирует проблему воспитания в трудах ученого - педагога М. Дулатова.

Summary

In given article author analyses problem of the household education in works taught, teacher М. Дулатова.

ӘОЖ 796.83

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ҚАЗАҚТЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІ НЕГІЗІНДЕ

Б. А. Сабденова - оқытушы,

Б. Ө. Смаилова - магистр,

Б. Б. Атабекова - магистр

Дене мәдениеті теориясы мен әдістеме кафедрасы

Егеменді қазақ мемлекеті ұрпақтарының ұлттық сана-сезімін атамұра дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі. Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатыны хақ. Қазақ халқының және басқа ұлт өкілдерінің жеке тұлғаны тәрбиелеудегі тәжірибесі әртүрлі. Осы тұрғыда әр ұлт өзінің тәлім-тәрбиесін ата-баба дәстүрі мен ұлы ғұламалар, ойшылдар, жыршы, жырауларының ой-пікірлеріндегі жеке тұлға тәрбиесінің негізін ала отырып, ұлттық ерекшеліктерін өз ұрпақтарының бойына сіңіріп, елін туған жерін сүйетіндей етіп тәрбиелеген.

Бүгінгі таңда еліміздегі жоғары білім алушы студенттерінің кәсіби тұлғасын қалыптастыруда қазақтың этномәдени құндылықтары арқылы оларға патриоттық тәрбие берудің көкейкестілігін бұрынғыдан да арттырып отыр. Мемлекеттік деңгейдегі мұндай жоғары талаптар негізіндегі қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық негіздегі патриоттық тәлім-тәрбиелік дәстүрлерін, мақал-мәтел, әдістемелік құралдарын жинақтап, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтап, оны бүгінгі тәрбие үдерісінде пайдалану – уақыт талабы.

Жас жеткіншек ұрпаққа ұлттық мұралардың негізінде патриоттық тәрбие беру ісі ғылыми тұрғыдан талданып, зерттеудің көкейкестілігі түрлі тарихи кезеңдегі философиялық, қоғамдық, әдеби, педагогикалық ой-пікірлерден бастау алып, бүгінгі ғылыми педагогикалық салалары: мектеп педагогикасы, этнопедагогика, кәсіби педагогика зерттеу нысандарына айналып отыр.

Патриотизм идеясы сонау Аристотель мен Платон, кейін педагогика тарихында Д. Локк шығармаларынан бастау алса, жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі кенес педагогтары Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинский және т.б.

Кейін әскери-патриоттық, интернационалдық тәрбие беру мазмұны, оның әдістемесі мен құралдарын жетілдіруге арналған ТМД /Н.И.Болдырев, А.В.Мудрик, Г.Н.Монозсон, т.б./ және Қазақстаннан /С.Есімханов, А.Ахметов, Е.Жұматаева, Д.Құсайынова, т.б./ ғалымдарының зерттеу еңбектері жарық көрді.

Аталған авторлар еңбектерінің мазмұнына жасалған талдаулар нәтижесі зерттеулердің басым бөлігі мектеп оқушыларына ғана патриоттық тәрбие беру проблемасын түрлі бағыттарда қарастырып, негіздеуді мақсат еткен деген тұжырым жасауымызға жетеледі.

Өйткені, қай салада болмасын, өз мұрасын, дәстүрін, адамгершілік сапаларын бойына сіңіріп, менгермеген маманнан отаның, елін, жерін, халқын сүйіп, ата салтына деген аялы қатынасты талап ету мүмкін емес. Ал бүгінгі әділетті қоғам маман қызметкерлерін кәсіби тұрғыдан даярлауда, оларға арнайы кәсіби білімдер беріп, іскерлік, дағдыларды қалыптастырып қана қою жеткіліксіз. Себебі бүгінгі студент – ертенгі педагог маман ең алдымен құқылы қоғамның белді мүшесі, ізгілікті және азаматтықты жоғары сатыға көтеруші әлеуметтік – педагог. Демек, студент бүгінгі жоғары оқу орнында білім алу барысында – тәрбие процесін өз халқының тарихын, мәдениетін менгеріп, терең танып рухани мұрасына қанықпайынша, оны қадірлеп өспейінше Отандық патриотизмді бойына сіңіре алмасы анық.

Қазіргі біздің қоғамда патриоттық сананы «ұлттық – этникалық», «жалпыадамзаттық» және «әлеуметтік» үш түсінік құрайды /2, 11/.